

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы  
**«ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ –  
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**  
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының  
**ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**I БӨЛІМ**

25 мамыр 2016 ж.

**СБОРНИК ТРУДОВ**

международной научной конференции молодых ученых  
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО  
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**  
под эгидой IX Астанинского экономического форума

**ЧАСТЬ I**

25мая 2016 г.

**PROCEEDINGS**

of the international scientific conference of young scholars  
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC  
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**  
in the framework of the IX Astana Economic Forum

**PART I**

25 may 2016

Астана, Қазақстан  
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)  
ББК 65.9(5Қаз)-І 551я431  
Ж 28

**Редакционная коллегия:**

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,  
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.  
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.  
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.  
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.  
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н, доцент Алибекова Б.А.  
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.  
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н., доцент  
Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

**Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері:** Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф.еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

**Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации:** Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

**ISBN 978-9965-31-762-0**

**ISBN 978-9965-31-762-0**

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)

ББК 65.9(5Қаз)-551я431

## Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрлігінің Статистика комитетінің ресми сайты [Электронды ресурс]. - Кіру тәртібі: <http://stat.gov.kz>
2. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің ресми сайты <http://www.ontustik.gov.kz/>
3. "Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы [adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300000192](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300000192)
4. Александрова А.Ю. Кластерные принципы организации туристского пространства (мировой опыт) // Роль туризма в модернизации экономики российских регионов: Сб. науч. Ст. по матер. междунар. научно-практич. конф., 8-10 июня 2010 г., Петрозаводск-Кондопога.- Петрозаводск: КарНЦ РАН, 2010. - С. 27-32.

## ҚАЗАҚСТАНДА ЕМДІК-САУЫҚТЫРУ ТУРИЗМІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

*Есенгабылова А.Қ., Сұрағанова С.Қ.*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Астана қ., Қазақстан Республикасы  
e-mail: [kasexanovna@mail.ru](mailto:kasexanovna@mail.ru)

Қазіргі таңда емдік-сауықтыру туризмі рекреациялық ресурстары бар әлемнің барлық елінде қарқынды дамып келеді. McKinsey & Company консалтингтік компаниясы жүргізген зерттеу нәтижесіне сәйкес, 2012 жылы осы саладағы жылдық ақша айналымы \$100 млрд. көлеміне дейін артты, демалушылардың жалпы саны 800 млн. адамды құрады [1].

2012 жылы әлемдік ЖІІ құрамында емдік-сауықтыру туризмінің үлесі 1,8% құрады. Global Wellness Tourism Congress аясында жасалған баяндамаға сәйкес, бұл туристік сектор келесі бес жылдықта орташа есеппен жылына 9,9% өсетін болады және 2017 жылы \$ 678,5 млрд. құрайтын болады, ол туризмнен түсетін жалпы табыстың 16% құрайды. Қазіргі кезде емдік-сауықтыру туризмінің әлемдік орталықтары Азия-Тынық мұхит аймағында болып табылады. Global Spa & Wellness Summit аясында жарияланған деректерге сәйкес, 2017 жылға дейін емдік-сауықтыру туризмі нарығының 50% Таяу Шығыс, Азия және Латын Америкасы елдеріне тиесілі болады [2].

Қазақстанда емдік-сауықтыру туризмі дамудың алғашқы сатысында болып табылады, алайда шипажайлы-курортты саланың біршама бай даму тарихы бар.

Мемлекеттік маңызы бар алғашқы курорт – Бурабай 1920 жылы ашылған болатын, 1922-1925 жылдар аралығында «Мойылды», «Манкент», «Ауыл», «Рахман бұлақтары», «Жаңақорған», «Шымған» шипажайлары салынып, қолданысқа берілді. 1931 жылы «Арасан-Қапал», «Алма-Арасан» және «Барлық-Арасан» шипажайлары ашылды, 80-ші жылдары республикада жалпы саны 22 мыңнан астам орны бар 88 шипажай, 73 шипажай-профилакторий, 70 демалыс үйі жұмыс жасады. 1981-1990 жылдар аралығында ашылған шипажайларға «Сосновый бор», «Мерке», «Ақжайық» шипажайларын жатқызуға болады [3]. Қазақстанның шипажайлы-курортты қызметтер нарығының дамуы кеңестік жүйеден бастау алады. Қалыптасқан кеңестік даму бағыты нарықтық экономика талаптарына сәйкес келмегендіктен, саланы басқару барысында көптеген мәселелердің туындауына алып келеді.

Елбасының «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауын жүзеге асыру бойынша жалпыұлттық шаралар жоспарын іске асыру мақсатында туризмді дамытудың Жүйелік жоспарлары құрастырылуда. Елдегі курорттық қызметтер нарығын дамыту жүйелік жоспардың негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Целью Жоспарға сәйкес отандық курорттық саланың бәсекеге қабілеттілігін нығайту, Қазақстанның курорттық қызметтер нарығының тартымдылығын

арттыру және туризм индустриясының дамуын камтамасыз ету, салаға инвестициялар тарту және инфрақұрылымды жетілдіру көзделген [4].

ҚР «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексіне сәйкес шипажайлы-курортты емдеу медициналық қызмет көрсету түріне жатқызылады [5]. Қазақстан республикасында шипажайлы-курортты мекемелер арнайы мамандандырылған орналастыру орындарына жатқызылады. Бұл мекемелердің классификациясы экономикалық іс-әрекеттің барлық түрлерінің жалпы классификаторына сәйкес жүргізіледі. Бұл классификаторға сәйкес, шипажайлы-курортты мекемелерге шипажайлар, шипажай-профилакторийлер, емі бар пансионаттар, курорттық емханалар, бальнеологиялық емдеу орындары, балшықпен емдеу орындары; балаларға арналаған мамандандырылған шипажайлар, лагерьлер жатқызылады [6]. Шипажайлы-курортты мекемелермен қатар жаңа ұйымдық-құқықтық формаларда мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мекемелер де қызмет атқарып келеді. Қазіргі таңда оларға, негізінен, туберкулезге қарсы шипажайлы мекемелер жатқызылады.

2015 жылдың бірінші жартыжылдығында Қазақстан аймағында 10-нан астам курорт-қалалар бар және курорттық аймақтарда 500-ден астам орналастыру орындары бар. Шипажайлы-курортты мекемелер кейбір аумақтардан басқа елдің барлық аймағында таралғын. Облыс бөлінісінде шипажайлы-курортты мекемелер саны бойынша алғашқы орындарда Оңтүстік Қазақстан облысы, Қарағанды және Алматы облыстары болып табылады, олар республиканың барлық шипажайлы-курортты мекемелерінің 46% құрайды. Шипажайлы-курортты мекемелердің ең аз саны Маңғыстау, Атырау және Солтүстік Қазақстан облыстарында тіркелген.

Қазақстан облыстарындағы 2014 жылғы шипажай, мамандандырылған шипажай және профилакторийлердегі төсек-орын саны 1-кестеде көрсетілген.

**Кесте 1**

Шипажайлы-курортты мекемелердегі орындар саны


Облыстар	Шипажай	Мамандандырылған шипажай	Профилакторий	Барлығы
ҚР	10642	3743	2434	16819
Ақмола	949	533	160	1642
Ақтөбе	100	260	130	490
Алматы	922	335	345	1602
Атырау	130	125	-	255
БҚО	274	200	-	474
Жамбыл	877	80	-	957
Қарағанды	420	325	960	1705
Қостанай	600	280	239	1119
Қызылорда	683	100	-	783
ОҚО	3085	800	365	4250
Павлодар	630	210	70	910
СҚО	73	-	75	148
ШҚО	578	220	-	798
Астана қ.	80	-	-	80
Алматы қ.	1241	275	90	1606
Ескерту: [7] дерек көзі негізінде автормен құрастырылды				

Мемлекет өз азаматтарының денсаулығы үшін жауапкершілік артады, сондықтан курорттық саланың дамуын қадағалауы тиіс. Елімізде мүгедектер мен шипажайлы-курортты қызметті жеңілдікпен алуға құқылы азаматтардың саны 626,4 мыңнан астам адамды құрайды, бұл жалпы Қазақстан халқының 4% құрайды. Салыстырмалы түрде қарастыратын болсақ, Ресейде бұл көрсеткіш 146,7 млн. халқы бола тұра 10% құрайды. Қазақстандағы 120 шипажай, профилакторий, пансионаттардың ішінен тек 35% мемлекеттік болып табылады,

қалған 64,2% жеке меншік және 0,8% өзге мемлекеттердің меншігі болып табылады [7]. Жеке меншік курорттық мекемелердің саны жыл сайын артып келеді, ал мемлекеттік шипажайлар саны азаюда.

Бүгінгі таңда Қазақстанның емдік рекреациялық ресурстары жеткіліксіз деңгейде пайдаланылуда, бірегей минералды су көзері мен емдік балшық кен орындары қолданысқа енгізілмей отыр, курорттық қызмет көрсету ресурсы ретінде климаттық жағдайларға аз көңіл бөлінуде. Сонымен қатар, Қазақстанның курорттық шаруашылығы, әсіресе жаз айларында, бір уақыттағы емдік-сауықтыру қызметтеріне деген сұраныс көлеміне жауап бере алмайды.

Кестеге сәйкес шипажайлы-курортты мекемелердегі төсек-орындар саны бойынша облыстардың алатын үлесі 1-суретте көрсетілген.



Сурет 1. Шипажайлы-курортты мекемелердегі төсек-орындар саны бойынша облыстар үлесі  
Ескерту: [7] дерек көзі негізінде автормен құрастырылды

Қазіргі кезде отандық шипажайлар қызметтеріне деген ішкі сұраныс артып келеді. Курорттық мекемелердің көпшілігінің ойын-сауық индустриясы орталықтарынан, банк және өзге де қызмет көрсету орталықтарынан алшақ орналасуы әсіресе шетелдік туристер үшін отандық шипажайлы-курортты түрөнімнің тартымдылығын азайтады.

Қазақстандағы демалыс бойынша турфирмалардың ұсыныстары арасында отандық шипажайларға емдік-сауықтыру турлары 10% жуық қамтиды және Қазақстанның курорттық аймақтарында емдік-сауықтыру мақсатымен демалушы туристер арасында резидент еместер саны 2,7% құрайды [7].

Қазақстанның туристік нарығының шипажайлы-курортты саласы үшін шетелдік бәсекелестермен салыстырғанда инновациялық іс-әрекет белсенділігінің төмен деңгейі тән. Бұған инфрақұрылым мен қызмет көрсету саласының біршама төмен дамуы, сала мекемелерінің кереғар баға саясаты, белсенді емес жарнамалық-ақпараттық іс-әрекет, ұлттық шипажайлы-курорттық түрөнімнің танымал брендин қалыптастыру бойынша маркетингтік стратегиялардың жеткіліксіз дамуы белгілі дәрежеде әсер етеді. Қазақстандық емдік-сауықтыру туризмін жетілдіру факторларының бірі персоналдың біліктілігі болып табылады. Оны дамыту үшін шипажайлы-курортты сала қызметкерлерінің біліктілігін үнемі жетілдіріп отыруға, шипажайлы-курортты емдеу мен сауықтырудың инновациялық әдістерін қалыптастыру бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландыруға ерекше мән беру қажет.

Республиканың шипажайлы-курортты саласын жетілдіру үшін сонымен қатар қосымша және қосалқы салаларды дамыту қажет. Қазақстандық шипажайлар үшін өнім шығаратын импортты алмастырушы өндірісті дамыту қажет. Отандық шипажайлар қосымша және қосалқы салалар мекемелерімен тығыз қарым-қатынас жасауы керек, инновацияларды

енгізуді жылдамдату мақсатында жаңа ғылыми-техникалық өнімдерді сынау үшін негізгі нысандар ретінде қызмет атқаруы қажет.

Қазіргі таңда Қазақстанның емдік-сауықтыру туризмі саласын дамыту мақсатында көптеген шаралар жүзеге асырылуы тиіс: жаңа бағыттарды ескере отырып, Қазақстандағы шипажайлы-туристік қызмет саласында мемлекеттің позициясы нақты анықталатындай бірыңғай мемлекеттік саясат қалыптастыру; мемлекеттік қаржыландыру, қазақстандық және шетелдік инвесторларды тарту, шипажай нысандарын, емдік-сауықтыру кешендерін, демалыс және ойын-сауық базаларын, сонымен қатар шипажай қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған ілеспелі кәсіпорындарды салу арқылы рекреациялық типтегі ерекше экономикалық аймақтар құру және дамытуы жалғастыру; саладағы шағын және орта кәсіпорындарды ұлғайту үшін құқықтық және салықтық базаларды жетілдіру; салаға қызметкерлерді тарту үшін менеджментті жетілдіру; сауықтыру қызметтерінің бәсекеге қабілеттілігін және тартымдылығын арттыру үшін маркетингті дамыту және т.б. Осы және өзге де мәселелерді шешу арқылы отандық емдік-сауықтыру туризмі саласын жетілдіруге болады.

#### **Әдебиеттер:**

1. McKinsey & Company: Healthcare systems and services – Overview. 2014. – Электронды ресурc. - [http://www.mckinsey.com/client\\_service/healthcare\\_systems\\_and\\_services](http://www.mckinsey.com/client_service/healthcare_systems_and_services)
2. New Study Reveals Wellness Tourism. – Электронды ресурc. - <http://medicaltraveltoday.com/new-study-reveals-wellness-tourism-a-439-billion-market-representing-1-in-7-tourism-dollars/>
3. Курорты Казахстана. Алма-ата, Казахстан. 1973 г. с. 6.
4. "Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 2010 жылғы 19 наурыздан
5. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі N 193-IV Кодексі
6. Постановление Госстандарта РК от 05. 07. 1999 г. №11. Секция «Здравоохранение и предоставление социальных услуг», подкласс 85.11.3. Деятельность санаторно-курортных учреждений.
7. ҚР Статистика комитетінің сайты. – Электронный ресурc. – <http://www.stat.gov.kz/>

### **РЕГУЛИРОВАНИЕ ИНДУСТРИИ ТУРИЗМА: МЕЖДУНАРОДНЫЙ ОПЫТ**

*Шилибекова Б.С.*

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева  
г. Астана, Республика Казахстан  
e-mail: shilibekova@mail.ru

Туризм, как один из важных экономических отраслей, возникший в недрах частного сектора, способен устойчиво развиваться при всесторонней поддержке государственных институтов в лице правовых, политических, экономических и прочих гарантий. Туризм, абсолютно и исключительно развивающийся по рыночным «законам», не может быть устойчивым и способен негативно влиять на так называемую туристскую аттракту – национальные естественно-культурные ценности, являющиеся объектами привлечения туристов. Достойная передача туристического наследия будущим поколениям, положительное эволюционное развитие отрасли возможно только наряду с механизмами государственного регулирования.

В целях реализации национальной туристской политики и координации действий по достижению общественно значимых задач, государства создают так называемые национальные туристские администрации (НТА) – внутренние системы управления